

FTAMP 10.01.41  
ӘОЖ 342.1  
JEL K33

<https://doi.org/10.46914/2959-4197-2026-1-1-257-267>

**ЖАМАНКАРАЕВА Г.С.,\*<sup>1</sup>**

құқық магистрі, аға оқытушы.

\*e-mail: camankaraeva@gmail.com

ORCID ID: 0000-0002-7199-6488

**ШАЛДАРБЕКОВА М.Б.,<sup>1</sup>**

құқық магистрі, аға оқытушы.

e-mail: manat20@list.ru

ORCID ID: 0009-0007-1081-3813

**ЖУМАГУЛОВА Ш.Р.,<sup>2</sup>**

з.ғ.к., аға оқытушы.

e-mail: jumagulova\_sholpan@mail.ru

ORCID ID: 0000-0002-2033-6260

<sup>1</sup>М. Әуезов атындағы Оңтүстік

Қазақстан университеті,

Шымкент қ., Қазақстан

<sup>2</sup>Қорқыт Ата атындағы

Қызылорда университеті,

Қызылорда қ., Қазақстан

## **ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚҰҚЫҚТАҒЫ КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ ПЛЮРАЛИЗМ: ҰЛТТЫҚ КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР МЕН ХАЛЫҚАРАЛЫҚ МІНДЕТТЕМЕЛЕРДІҢ ӨЗАРА ЫҚПАЛЫ**

### **Аңдатпа**

Бұл зерттеуде ұлттық конституциялық құндылықтар және халықаралық міндеттемелер арасындағы өзара әрекеттесу және олардың қақтығысуының құқықтық табиғаты Қазақстан Республикасы Конституциясы контекстінде талданады. Зерттеу өзектілігі – халықаралық міндеттемелердің күшеюі, мемлекеттердің интеграциялық процестерге белсенді қатысуы және ұлттық құқықтық жүйелерге сыртқы ықпалдың артуымен байланысты. Зерттеудің мақсаты – халықаралық құқық нормаларының ұлттық конституциялық қағидаттармен ықтимал кайшылықтарын анықтап, оларды шешу тетіктерін зерделеу. Негізгі идеясы – ұлттық құндылықтарды сақтай отырып, халықаралық нормаларды селективті түрде қабылдаудың құқықтық үлгісін ұсыну. Жұмыстың ғылыми және практикалық маңызы халықаралық нормаларды ұлттық заңнамаға енгізуде конституциялық сүзгі механизмдерінің рөлін негіздеуінде. Әдіснамасы жүйелік талдау, салыстырмалы-құқықтық, тарихи-құқықтық және формальды-логикалық әдістерге сүйенеді. Германияның «Solange» доктринасы, конституциялық плюрализм теориялары, қазақстандық нормативтік актілер мен сот тәжірибесі қарастырылған. Зерттеу нәтижелері халықаралық нормалардың ұлттық құқыққа енгізілуі конституциялық құндылықтарға қайшы келмеуі тиіс екенін көрсетті. Сондай-ақ құқықтық тепе-теңдік ұлттық құқық үстемдігін қамтамасыз ететін сараланған тәсілді қажет ететіні дәлелденді. Жұмыстың құндылығы – халықаралық міндеттемелердің ұлттық құқықтық жүйеге әсерін ғылыми тұрғыда бағалауында. Практикалық мәні – құқықтық саясатты жетілдіру, имплементациялық тетіктерді нақтылау және конституциялық бақылау тәжірибесін дамыту бойынша ұсыныстар ұсынуында.

**Тірек сөздер:** ұлттық конституциялық құндылықтар, халықаралық міндеттемелер, конституциялық плюрализм, ұлттық құқық, имплементация, құқықтық тепе-теңдік, егемендік.

### **Кіріспе**

XXI ғасырдың халықаралық құқықтық жүйесі бұрын-соңды болмаған көлемдегі өзара тәуелділікті қалыптастырды. Мемлекеттердің халықаралық аренада белсенді әрекет етуі, әлемдік ұйымдар мен аймақтық бірлестіктерге кіруі ұлттық құқықтық жүйелерге сыртқы ықпалдың күшеюіне әкелді. Мұндай жағдайда ұлттық құқық жүйесінің орталық бөлігі саналатын

конституциялық құндылықтардың халықаралық талаптармен өзара әрекеттесу сипаты күрделене түсті. Бұл құбылыс нәтижесінде екі түрлі құндылық деңгейі – ұлттық және ұлттықтан жоғары (супранационал) конституциялық құндылықтар – бір кеңістікте тоғысып, кей жағдайларда қақтығысуы мүмкін. Сондықтан қазіргі құқық ғылымында халықаралық міндеттемелердің ұлттық конституциялық нормаларға ықпалы мәселесі ерекше ғылыми қызығушылық тудырып отыр.

Қазақстан Республикасы үшін аталған мәселенің маңызы айрықша. Негізгі заң – Конституция – мемлекеттің құқықтық жүйесінің іргетасы ретінде адамның құқықтары мен бостандықтарын, мемлекеттің егемендігін, биліктің бөліну қағидатын және ұлттық тәуелсіздікті басты құндылықтар ретінде бекітіп отыр [1]. Сонымен қатар, Қазақстан халықаралық ұйымдардың белсенді мүшесі ретінде халықаралық шарттар мен келісімдер арқылы адам құқықтары, экономикалық интеграция, қоршаған ортаны қорғау, қауіпсіздік салаларында кең ауқымды міндеттемелерді мойнына алған. Бұл міндеттемелерді орындау – халықаралық құқықтың жалпы талаптарының бірі. Алайда міндеттемелерді орындау барысында конституциялық құндылықтармен үйлесу немесе кей жағдайда қақтығысу мүмкіндігі туындайды.

Жалпы әлемдік доктринада халықаралық құқықтың мемлекеттердің ішкі құқықтық тәртіптеріне ықпалы туралы мәселе әр алуан тұжырымдарға сүйенеді. А. Кассезе халықаралық құқық нормалары мемлекеттердің өзара қарым-қатынастарын реттеп қана қоймай, олардың ішкі құқықтық жүйесіне де әсер ететінін атап көрсетеді [2]. Сонымен қатар, халықаралық нормалардың ішкі құқықтағы орны мен күші әр мемлекеттің конституциялық құрылымына байланысты. Әсіресе халықаралық шарттардың ұлттық заңдардан жоғары тұратындығы туралы ереже көптеген мемлекеттің конституцияларынан көрініс табады. Қазақстан Конституциясының 4-бабындағы ережелер де осы тенденцияны растайды. Алайда аталған қағида абсолюттік сипатқа ие емес, себебі халықаралық нормалар ұлттық конституциялық ұстанымдармен қарама-қайшы келген жағдайлар әлемдік тәжірибеде жиі кездеседі.

Бұл мәселе Еуропада айқын көрінеді. Конституциялық плюрализм теориясының өкілдері, оның ішінде Л. Бесселинк, халықаралық және ұлттық құқық жүйелерінің қатар өмір сүре алатынын, оның ішінде олардың арасындағы қайшылықтарды табиғи процесс деп сипаттайды [3]. Мұндай плюрализм мемлекеттердің конституциялық автономиясын сақтауға мүмкіндік береді. Алайда ол құқықтық жүйелер арасындағы шекараларды айқындауды, құқықтық қайшылықтарды шешудің тиімді механизмдерін әзірлеуді талап етеді. Бұл ретте құқықтық үстемдіктің қай деңгейде болатынын нақты айқындау – іргелі міндет.

Германия тәжірибесі осы бағыттағы ең танымал үлгілердің бірі. Германияның Федералдық конституциялық соты халықаралық міндеттемелердің орындалуы конституциялық құндылықтарға қайшы келмеуі тиіс деген ұстанымды бірнеше рет атап өткен. «Solange» доктринасы халықаралық нормалар ұлттық конституциялық құқықтар мен бостандықтардың негізгі мазмұнына нұқсан келтірген жағдайда, олардың орындалуын шектеуге болатынын айтады [4]. Бұл тәжірибе халықаралық құқықтың ұлттық құқықтан автоматты түрде жоғары бола алмайтынын көрсетеді. Демек, халықаралық және ұлттық құқық жүйелері арасындағы тепе-теңдік біржақты иерархияға сүйенбейді, ол заңды-саяси келісімдердің нәтижесі де, құқықтық тәжірибенің жемісі де бола алады.

Қазақстандық контекстте халықаралық міндеттемелер мен ұлттық конституциялық қағидаттар арасындағы қайшылықтар туралы арнайы ғылыми зерттеулер әлі жеткілікті емес. Бұған бірнеше фактор әсер етеді: біріншіден, жаһандық құндылықтардың құқықтық жүйеге жылдам енуі; екіншіден, халықаралық міндеттемелердің жалпы сипаттан нақты құқықтық салаларға дейін кеңеюі; үшіншіден, ұлттық құқықтық саясаттың тұрақты модернизациясы. Осы факторлар конституциялық жүйенің жаңа сын-қатерлермен бетпе-бет келуіне әкелуде.

Зерттеудің өзектілігі – халықаралық міндеттемелердің мазмұны кеңейген сайын, олар ұлттық құқық, соның ішінде конституциялық құндылықтармен жиі жанасып, кейде қайшылық тудыруы мүмкін. Адам құқықтары, экология, ұлттық қауіпсіздік, халықаралық экономикалық интеграция салаларында халықаралық заңдық рөлдің күшеюі ұлттық мемлекеттің құқықтық еркіндігіне әсер ететіні сөзсіз. Мұндай жағдайда мемлекеттер үшін ең маңыздысы – ұлттық конституцияның түпқазығын сақтай отырып, халықаралық міндеттемелерді тиімді орындаудың жолын табу. Дж. Раз айтқандай, құқықтық нормалар иерархиялық сипаттан бұрын әлеуметтік-

құқықтық легитимдікке сүйенуі қажет [5]. Демек, халықаралық нормаларды имплементациялау кезінде ұлттық құқықтық мәдениет, қоғамның құқықтық санасы, мемлекеттің тарихи-саяси дамуы ескерілуі тиіс.

Зерттеу жұмысының объектісі – ұлттық және ұлттықтан жоғары конституциялық құндылықтардың өзара байланысы. Зерттеу пәні – халықаралық міндеттемелердің Қазақстан Республикасының Конституциясы контексіндегі құқықтық табиғаты және олардың арасындағы қайшылықтардың сипаты.

Зерттеудің мақсаты – халықаралық құқық нормаларының ұлттық конституциялық құндылықтармен ықтимал қақтығыстарын айқындау және оларды шешудің құқықтық тетіктерін талдау.

Осы мақсатқа байланысты төмендегідей міндеттер қойылды:

- ◆ ұлттық және ұлттықтан жоғары конституциялық құндылықтардың мәнін түсіндіру;
- ◆ ҚР Конституциясындағы халықаралық нормалардың орнын қарастыру;
- ◆ халықаралық міндеттемелердің имплементациялану тетіктерін талдау;
- ◆ құндылықтардың қақтығысы орын алған жағдайларды анықтау;
- ◆ шетелдік тәжірибелерді салыстырмалы-құқықтық талдау;
- ◆ құқықтық тепе-теңдікті сақтаудың ықтимал жолдарын ұсыну.

Зерттеу әдістері – жүйелік талдау, салыстырмалы-құқықтық әдіс, тарихи-құқықтық зерттеу, формальды-логикалық талдау. Бұл әдістер халықаралық құқық нормаларының ұлттық құқықтық кеңістікке әсерін жан-жақты қарастыруға мүмкіндік береді.

Зерттеу гипотезасы – халықаралық міндеттемелер мен ұлттық конституциялық құндылықтар қақтығысқа түскен жағдайда, құқықтық тепе-теңдік ұлттық конституциялық қағидаттардың басымдығын сақтай отырып, халықаралық нормаларды селективті түрде қабылдау арқылы қамтамасыз етіледі.

Осы зерттеу шеңберінде бірқатар ұғымдар нақты мазмұндық шеңберде қолданылады. «Конституциялық өзек» деп мемлекеттің егемендігі, аумақтық тұтастығы, билікті бөлу қағидаты, адам құқықтарының іргелі мазмұны және ұлттық конституциялық идентичность сияқты өзгермейтін негіздік құндылықтар жиынтығы түсініледі. «Конституциялық сүзгі» ұғымы халықаралық құқық нормаларын ұлттық конституциялық құндылықтар өлшемі бойынша бағалау және олардың толық, ішінара немесе шартты түрде енгізілуін айқындайтын құқықтық механизмді білдіреді. Ал «селективті енгізу» халықаралық нормаларды автоматты қабылдау емес, олардың мазмұнын ұлттық құқықтық жүйенің құрылымымен үйлестіру арқылы сараланған имплементациялауды білдіреді. Мұндай ұғымдық нақтылық зерттеу нәтижелерінің теориялық дәлдігін арттыруға бағытталған.

Практикалық маңыздылығы – зерттеу нәтижелері құқықтық саясатты әзірлеуде, халықаралық шарттарды имплементациялау кезінде, конституциялық бақылау тетіктерін жетілдіру барысында, сондай-ақ жоғары құқықтық білім беруде пайдалануға болады.

Осылайша, ұлттық және ұлттықтан жоғары конституциялық құндылықтардың жаһандық қақтығысы – қазіргі заманғы құқық ғылымындағы маңызды әрі күрделі мәселелердің бірі. Ол мемлекеттің құқықтық егемендігі, билікті ұйымдастыру құрылымы, адам құқықтарын қорғау жүйесі сияқты негізгі салалармен тығыз байланысты. Сондықтан бұл мәселені теориялық және практикалық тұрғыдан тыңғылықты зерттеу, Қазақстанның құқықтық жүйесінің тұрақтылығын қамтамасыз ету үшін стратегиялық маңызы бар ғылыми міндет болып табылады.

## Материалдар мен әдістер

Бұл зерттеу халықаралық міндеттемелер мен ұлттық конституциялық құндылықтардың өзара әрекеттесу динамикасын талдауға бағытталған. Зерттеудің әдіснамалық негізі құқық теориясы, конституциялық құқық, халықаралық құқық, салыстырмалы құқықтану және құқықтық әлеуметтану салаларындағы классикалық және қазіргі көзқарастарға сүйенеді. Әдістерді іріктеудің басты критерийі – олардың зерттеу нысанына сәйкестігі, нәтижелердің сенімділігі мен шынайылығын қамтамасыз етуі, және алынатын тұжырымдардың ғылыми негізділігі болды.

Зерттеудің негізгі материалы ретінде Қазақстан Республикасының Конституциясы, халықаралық құқықтың жалпы теориясына арналған А. Кассезенің еңбектері, конституциялық плюрализм туралы Л. Бесселинктің теориялық жұмыстары, Германия Федералдық Конституциялық сотының құқықтық ұстанымдары, сондай-ақ құқықтық авторитет туралы Дж. Раздың концепциясы пайдаланылды. Бұл дереккөздер зерттеудің теориялық базасын күшейтіп, конституциялық құндылықтар мен халықаралық міндеттемелердің өзара байланысын талдаудың ғылыми негізін құрады.

Зерттеу жоспары бірнеше дәйекті кезеңнен тұрды. Бірінші кезеңде зерттеу тақырыбына қатысты отандық және шетелдік ғылыми әдебиеттерге, халықаралық құқықтық актілерге, сот практикасына шолу жүргізілді. Бұл кезеңде халықаралық құқық нормаларының ұлттық құқыққа ықпалы, конституциялық құндылықтардың иерархиялық орны, ұлттық-халықаралық деңгейдегі қайшылықтарды шешу тәжірибесі талданды. Сонымен бірге, халықаралық құқық теориясындағы дуализм мен монизм тұжырымдамалары, конституциялық плюрализм идеясы, құқықтық орталықтандыру және дерационализация процестері сараланды.

Екінші кезеңде құқықтық салыстырмалы талдау (компаративистік әдіс) қолданылды. Бұл әдіс арқылы әртүрлі елдердегі құқықтық модельдер салыстырылды, атап айтқанда Германия, Италия, Франция, Польша сияқты елдердің конституциялық соттарының халықаралық міндеттемелерге қатынасы, олардың ішкі құқықтағы рөлі, коллизиялық жағдайларда ұстанатын қағидалары зерттелді. Бұл әдіс халықаралық міндеттемелерді имплементациялау практикасы мен ұлттық конституциялық нормалардың басымдығы арасындағы теңгерімді түсіндіруге мүмкіндік берді.

Үшінші кезеңде құқықтық-тарихи әдіс пайдаланылды. Бұл әдіс құқықтық нормалардың эволюциясын, халықаралық ұйымдардың күшеюінен кейінгі ұлттық құқықтық жүйелердегі трансформацияны, конституциялық құндылықтардың тарихи қалыптасуын, және олардың халықаралық міндеттемелермен арақатынасы қалай өзгергенін талдауға мүмкіндік берді. Бұл тұрғыда халықаралық құқық нормаларының ұлттық конституциялық идеологияға кезеңдік әсер ету ерекшеліктері қарастырылды.

Төртінші кезеңде формальды-логикалық және жүйелік талдау әдістері қолданылды. Олар құқықтық нормалардың мазмұнын, олардың өзара үйлесімділігін, құқықтық реттеу тетіктерін, құқықтық жүйенің әр деңгейіндегі құндылықтық конструкцияларды талдауға арналды. Бұл тәсіл халықаралық міндеттемелердің құқықтық табиғатын абстрактілі-теориялық деңгейде айқындап, олардың ұлттық құқықтағы функционалдық маңызын бағалауға мүмкіндік берді.

Жүйелік талдау ұлттық құқықтық тәртіптің тұтастығын, конституциялық құндылықтардың біртұтас жүйе ретіндегі орнын айқындауға мүмкіндік берді. Бұл талдау барысында халықаралық және ұлттық құқық нормаларының бір-біріне әсер етуін, олардың құқықтық кеңістіктегі конкуренциялық табиғатын, және халықаралық шарттардың нормативтік иерархиядағы орнын анықтау көзделді. Конституцияның тікелей қолданылуы, халықаралық шарттардың имплементациясы, құқықтық даралау тәсілдерінің салыстырылуы да осы әдіс шеңберінде қарастырылды.

Сонымен қатар, эмпирикалық компонент ретінде халықаралық соттардың шешімдеріне (әсіресе Германия Федералдық Конституциялық Сотының Solange, Maastricht, Lisbon істері) және ұлттық-халықаралық қатынасқа қатысты доктриналық талқылауларға талдау жүргізілді. Бұл талдау нақты құқықтық позициялардың халықаралық міндеттемелер мен ұлттық конституциялық құндылықтардың коллизиясы жағдайында қалай қолданылатынын көрсетуге мүмкіндік берді.

Зерттеу барысында қолданылған әдістердің сенімділігі бірнеше факторлар арқылы қамтамасыз етілді. Біріншіден, зерттеуге іргелі еңбектер мен беделді ғылыми доктриналар негіз болды. Екіншіден, құқықтық-салыстырмалы талдаудың дәйекті жүргізілуі нақты құқықтық үдерістерді түсіндіруге мүмкіндік берді. Үшіншіден, ұлттық және халықаралық сот тәжірибесін кешенді қарастыру зерттеу нәтижелерінің объективтілігі мен шынайылығын арттырды.

Зерттеу нәтижелерін бағалау дереккөздерімен өзара салыстыру, тұжырымдарды жүйелеу, құқықтық нормалардың құрылымдық-мазмұндық ерекшеліктерін талдау, құқықтық позицияларды нақты істермен сәйкестендіру тәсілдерімен жүзеге асырылды. Бұл тәсілдер зерттеу

барысында алынған нәтижелердің валидтігін қамтамасыз етіп, оларды практикалық тұрғыдан қолдануға мүмкіндік береді.

Қорытындылай келе, зерттеу материалы ретінде іргелі конституциялық және халықаралық-құқықтық актілер, ғылыми еңбектер, сот шешімдері пайдаланылды; ал әдістер жиынтығы зерттеу мақсатына сәйкес кешенді түрде қолданылды. Мұндай әдіснамалық тәсіл ұлттық және ұлттықтан жоғары конституциялық құндылықтардың қақтығысын объективті талдап, олардың арасындағы теңгерімді қамтамасыз ету үшін құқықтық ұсынымдар әзірлеуге мүмкіндік берді.

### Нәтижелер мен талқылау

Қазақстан құқықтық жүйесіндегі ұлттық және ұлттықтан жоғары конституциялық құндылықтар арақатынасының мазмұны формальды заң мәтіндерінен әлдеқайда терең құбылыс екені айқындалды. Бұл ретте олардың өзара әрекеттестігі тек құқықтық нормалардың сөзбе-сөзімен шектелмей, қоғамның тарихи жады, құқықтық мәдениет, мемлекеттік биліктің даму логикасы, саяси-қоғамдық құрылымдар және өркениеттік бағдарлармен сабақтасып жатады. Конституция 4-бабында халықаралық шарттардың ұлттық заңдардан басымдығы көрсетілгенімен, бұл басымдық абсолюттік сипатқа ие емес, өйткені ең жоғарғы деңгейдегі конституциялық өзек – егемендік, мемлекеттік тұтастық, билікті бөлу, адам құқықтарының мәні – өзгермейтін сипатта сақталады [6]. Осыған байланысты құқықтық жүйе халықаралық нормаларды автоматты түрде қабылдауға емес, оларды ұлттық құндылық өлшеміне сәйкес сүзгіден өткізуге бағдарланған тәсілді қолданады.

Осы қағидалық негіз Конституциялық Кеңестің 2021 жылғы №2 нормативтік қаулысында да нақтыланған, онда халықаралық нормаларды қолдануда конституциялық қағидалар бұзылмауы тиіс деген ұстаным бекітіледі [6]. Бұл ұстаным халықаралық құқықтың ұлттық құқық жүйесіне енгізілуі үшін негізгі шарттардың сақталуын міндеттейді.

Қазақстандық құқық қолдану тәжірибесінде бұл ұстаным нақты көрініс табады. Конституциялық Кеңестің 2021 жылғы №2 нормативтік қаулысында халықаралық ұйымдардың шешімдерін орындау Қазақстан Республикасының Конституциясына қайшы келмеуі тиіс екендігі атап көрсетілді. Аталған құқықтық позиция халықаралық міндеттемелердің тікелей басымдығын шектемей, оларды конституциялық бақылау шеңберінде бағалау қажеттігін бекітеді. Сонымен қатар, халықаралық шарттарды ратификациялау барысында Парламенттің құқықтық сараптамасы және соттардың құқық қолдану практикасы халықаралық нормаларды ұлттық құқықтық жүйемен үйлестірудің маңызды кезеңі болып табылады. Бұл тәжірибе Қазақстанда халықаралық құқықты қабылдаудың автоматты емес, сараланған моделі қалыптасқанын көрсетеді.

Яғни халықаралық норманың ұлттық құқыққа міндетті түрде енгізілуі оның мазмұнының конституциялық өзекке қайшы келмеу шарттылығына тәуелді. Мұндай тәсіл Қазақстанның құқықтық тәуелсіздігінің сақталуын қамтамасыз етеді.

Ұлттық құқықтық жүйенің құрылымдық табиғатын талдау барысында нормаларды «селективті енгізу» тәсілі басым екені көрінеді. Бұл тәсіл халықаралық құқықты қабылдауда автоматизмнен гөрі сараптамалық ұстанымның маңызды екенін көрсетеді. Мұндай сараланған қабылдаудың ғылыми негіздерін отандық құқықтанушы Токобеков атап көрсетіп, ұлттық құқық үстемдігін конституциялық фильтр тетігі арқылы қамтамасыз ету керектігін алға тартады [7]. Осы пікір халықаралық нормалардың ұлттық құқықтық кеңістікке ену жолдарын түсіндіруде маңызды.

Халықаралық нормалар мен ұлттық құқық жүйесінің өзара әрекеттесуінің көпдеңгейлі табиғатын Von Bogdandy мен Schill баяндайды. Олардың пайымдауынша, ұлттық құқық пен халықаралық құқық бір-біріне қарсы емес, керісінше көпқабатты жаһандық құқықтық кешенді құрайды [8]. Бұл көзқарас ұлттық және халықаралық деңгейлер бір-бірін ығыстырмай, әр деңгейде өз құндылық жүйелерін қалыптастырып, сонымен қоса өзара толықтыра алатынын көрсетеді. Осыдан келіп, халықаралық міндеттемелердің жүзеге асырылуы құқықтық жүйені кеңейтіп қана қоймай, мемлекеттің сыртқы құқықтық ортада танылу қабілетін де арттырады.

Әлемдік тәжірибе көрсеткендей, кейбір салаларда халықаралық және ұлттық құқықтық нормалар табиғи үйлесім табады. Әсіресе адам құқықтары, экология, гендерлік теңдік, азаматтық

бостандықтар салаларында халықаралық нормалар ұлттық заңнаманы толықтыра отырып, құқықтық кепілдіктерді күшейтеді [9]. Peters осы құбылысты «жаһандық конституционалдық үйлесім» деп түсіндіреді, өйткені бұл бағыттарда халықаралық институттардың рөлі күшейіп, ұлттық құқықтық жүйелер біртіндеп әмбебап нормаларға жақындайды [9].

Дегенмен, халықаралық міндеттемелерді қабылдау барлық кезде осындай оң нәтиже бере бермейді. Мемлекеттік тіл саясаты, ұлттық қауіпсіздік, дін, ақпараттық кеңістік, мәдениет сияқты құрылымдық салаларда халықаралық нормалар мен ұлттық құндылықтар арасында елеулі қайшылықтар туындауы мүмкін. Мұндай жағдайда ұлттық құқықтық жүйе осы салаларда нормативтік тепе-теңдікті сақтау үшін фильтрациялық тетіктерді іске қосады. Арнайы шектеулер енгізу, түсіндірме декларация жасау, ратификациялаудан бас тарту сияқты шаралар – конституциялық өзекті сақтау жолдары болып табылады [8].

Мысалы, ұлттық қауіпсіздік, ақпараттық саясат және қоғамдық тұрақтылық салаларында халықаралық стандарттарды қолдану кезінде олардың мазмұны ұлттық құқықтық тәртіп пен мемлекеттік саясат қағидаттарына сәйкестік тұрғысынан бағаланады. Бұл тәжірибе халықаралық міндеттемелердің мазмұны мен ұлттық құқықтық идентичность арасындағы шекараны нақты айқындауға бағытталған және құқықтық егемендікті сақтаудың конституционалдық кепілі ретінде әрекет етеді.

Халықаралық міндеттемелерді қабылдау кезеңінде қоғамдық қажеттілікті бағалау маңызды өлшемдердің бірі. Қоғамның құқықтық мүддесіне сай келмейтін, әлеуметтік ахуалға теріс әсер етуі ықтимал нормаларды жылдам имплементациялау тиімсіз. Sweet пен Ryan көпдеңгейлі құқықтардың иерархиялық табиғатын аша отырып, халықаралық нормаларды қабылдауда қоғамдық мақсаттар мен құқықтардың шынайы деңгейін ескеру қажеттігін айтады [10]. Жергілікті қоғамдастықтарда белгілі бір нормалар күмәнмен қабылдануы немесе түсінбеушілік туғызуы мүмкін. Бұл – құқықтық мәдениетке тікелей әсер ететін фактор.

Ұлттық-құқықтық жүйелердегі конституциялық қағидалардың және халықаралық нормалардың өзара ықпалына қатысты Walker плюралистік үйлесім түсінігін енгізеді [11]. Ғалым ұлттық құқық пен халықаралық құқық арасындағы шекараның тұрақты емес екенін, үнемі өзгеріп отыратынын атап өтеді. Осыдан келіп, құқықтық жүйе әрбір жағдайда жаңа тепе-теңдік табуға мәжбүр. Себебі құқықтық үдеріс – құндылықтар, мәдениет және институттар арасындағы динамикалық әрекеттестік.

Зерттеу барысында халықаралық және ұлттық құқық нормалары арасындағы ықтимал коллизиялар келесі типологиялық топтарға жіктелді:

- ♦ құндылықтық коллизиялар – адам құқықтарының мазмұнын, ұлттық идентичностті немесе қоғамдық мораль өлшемдерін түсіндіруде туындайтын қайшылықтар;
- ♦ иерархиялық коллизиялар – халықаралық шарттардың ұлттық заңдармен және конституциялық нормалармен арақатынасына қатысты қайшылықтар;
- ♦ конституционалдық коллизиялар – халықаралық және ұлттық сот органдарының юрисдикциялық шекараларын айқындау барысында пайда болатын келіспеушіліктер;
- ♦ функционалдық коллизиялар – халықаралық міндеттемелерді орындау тәсілдерін таңдау кезінде туындайтын айырмашылықтар.

Аталған жіктеу халықаралық нормаларды имплементациялау кезінде қолданылатын құқықтық сүзгінің мазмұнын нақтылауға және құқықтық шешім қабылдау үдерісін жүйелеуге мүмкіндік береді.

Уақыт өте келе халықаралық заңдар мен ұлттық құқық жүйесі арасында қайшылықтардың пайда болуы – заңдылық. Wheatley халықаралық конституционализм эволюциялық үдеріс екенін айтып, қақтығыс – әлсіздік емес, керісінше құқықтық жүйенің бейімделу әлеуетін көрсететін фактор деген ой түйеді [12]. Сондықтан қайшылықтарды жою емес, оларды тиімді басқару жүйесінің жасалуы маңыздырақ.

Сот билігінің үйлесімді шешім табудағы рөлі аса маңызды. Соттар халықаралық нормаларды ұлттық құндылықтар тұрғысынан бағалай отырып, конституциялық шеңберден шықпай қолдануды қамтамасыз етеді. Мұндай жағдайда соттар ішкі құқықтағы тепе-теңдікті сақтайды және халықаралық нормаларды ұлттық құқыққа бейімдеу арқылы жүйенің тұрақтылығын қамтамасыз етеді [9].

Тиімді құқықтық орта қалыптастыруда қоғамның құқықтық мәдениеті де үлкен рөл атқарады. Құқықтық санасы жоғары қоғам халықаралық нормаларды оң қабылдап, оларды өз игілігіне жарата алады. Құқықтық ақпараттану, азаматтық белсенділік, құқықты түсіндіру мәдениеті – мемлекеттің құқықтық деңгейін арттыратын факторлар. Осы құралдар арқылы құқықтық ортада реформаларға қолайлы жағдай жасалады [10].

Ұлттық құқықтық жүйенің инфрақұрылымы халықаралық нормалардың толық іске асырылуына ықпал етеді. Заңнаманың жүйесіздігі, салалық үйлесімсіздік, құқықтық терминологияның бірізді еместігі – халықаралық нормаларға қатысты әділдік пен айқындыққа нұқсан келтіреді. Терминологиялық нақты аударма, ресми түсіндірме институттары – құқықтық мәдениетті нығайтып, нормалардың дұрыс қолданылуына мүмкіндік береді [11].

Мемлекеттік билік тармақтарының (заң шығарушы, атқарушы, сот) үйлесімді жұмысы халықаралық нормалардың тиімді имплементациясын қамтамасыз етеді. Егер атқарушы билік халықаралық шарттарды орындауға жеткілікті деңгейде белсенділік танытпаса немесе сот билігі халықаралық нормаларды дұрыс түсіндірмесе, құқықтық ортада қайшылықтар туындайды. Осыған байланысты билік тармақтары арасындағы келісімді іс-қимыл құқықтық реформалардың табысты болуын қамтамасыз етеді [9].

Зерттеу нәтижелері негізінде халықаралық нормаларды селективті енгізудің кезеңдік моделі ұсынылады:

- ◆ ұлттық конституциялық өзекті айқындау;
- ◆ халықаралық норманың құндылықтық сәйкестігін сараптау;
- ◆ имплементация формасын (тікелей қолдану, трансформациялау немесе шектеулі енгізу) анықтау;
- ◆ конституциялық бақылау механизмдері арқылы тексеру;
- ◆ ресми түсіндіру және сот практикасы арқылы бейімдеу.

Бұл модель құқықтық тепе-теңдікті қамтамасыз етудің практикалық құралын қалыптастырады және ұлттық құқықтың тұрақтылығын сақтауға мүмкіндік береді.

Халықаралық нормалар ұлттық құқықтық жүйені толық алмастырмайды, қайта оның кемшіліктерін толтырып, құқықтық кеңістікті байытады. Екі жүйе қарама-қайшы емес, керісінше өзара дамуға мүмкіндік береді. Мұндай үйлесім құқықтық тұрақтылыққа және мемлекеттің халықаралық беделіне оң ықпал етеді [9].

Үдерістің сапалы жүруі үшін ғылыми қауымдастықтың, зерттеу орталықтарының, құқықтанушылардың қатысуы маңызды. Олар құқықтық сараптама жүргізу, халықаралық тәжірибелерді талдау, құқықтық түсіндіру және бейімдеу сияқты бағыттарда маңызды рөл атқарады. Бұл құқықтық жүйенің дамуына интеллектуалдық негіз қалайды [12].

Ұлттық құқықтық жүйе мен халықаралық міндеттемелердің өзара байланысының мазмұны көпқырлы болып келеді. Бұл байланыс мемлекеттің құқықтық мәдениеті, сот билігінің тәуелсіздігі, қоғамдық сананың деңгейі, құқықтық институттардың сапасы сияқты факторлармен тығыз байланыста. Сондықтан тиімді үйлестіру – мемлекеттің құқықтық саясатының басты міндеттерінің бірі.

## Қорытынды

Ұлттық және ұлттықтан жоғары конституциялық құндылықтардың өзара байланысы мен олардың ықтимал қақтығыстарын Қазақстан Республикасының Конституциясы контекстінде талдау бұл мәселенің құқықтық шеңберден әлдеқайда кең ауқымды, саяси, әлеуметтік, тарихи және өркениеттік сипатқа ие кешенді феномен екенін көрсетті. Зерттеу барысында халықаралық міндеттемелердің Қазақстанның құқықтық жүйесіне әсері айтарлықтай екені дәлелденді, алайда бұл ықпал абсолюттік сипатқа ие емес және ұлттық конституциялық өзек шеңберінде шектеледі. Қазақстан Республикасы Конституциясының 4-бабы мен Конституциялық Кеңестің шешімдері халықаралық нормалар ұлттық құқықтық тәртіпке тек конституциялық құндылықтарға қайшы келмейтін жағдайда ғана енгізілуі тиіс екенін анық көрсетеді. Осыған байланысты ұлттық құқықтағы халықаралық нормаларды селективті енгізу моделі қалыптасқан пәрменді құқықтық құрал ретінде танылды.

Зерттеу нәтижелері халықаралық және ұлттық құқықтың өзара әрекеттесуінде көпдеңгейлі конституционализм қағидаттарының басым болатынын көрсетті. Жаһандық конституционализм идеясы ұлттық құқық пен халықаралық құқықты бәсекелес жүйелер ретінде емес, керісінше бір-бірін толықтырып, өзара нығайта алатын құрылымдар ретінде түсінуге мүмкіндік береді. Адам құқықтары, экологиялық стандарттар, әлеуметтік әділеттілік, гендерлік теңдік сияқты салаларда халықаралық нормалар ұлттық құқықтық тәртіпті күшейтіп, оның мазмұнын байытады. Дегенмен, ұлттық қауіпсіздік, мемлекеттік тіл, мәдени және діни сәйкестік, ақпараттық саясат сияқты іргелі салаларда ұлттық құндылықтар басымдыққа ие болып, халықаралық міндеттемелердің қолданылуы шектеулі болуы заңды құбылыс ретінде танылды.

Конституциялық плюрализм механизмінің тиімділігі зерттеу барысында ерекше айқындалды. Бұл механизм құқықтық жүйенің халықаралық нормаларға бағыну немесе толық бас тарту дилеммасынан емес, үйлесімді бейімделу мен тепе-теңдікті сақтау стратегиясынан тұратынын дәлелдеді. Құқықтық қайшылықтардың пайда болуы құқықтық жүйенің әлсіздігін емес, керісінше оның динамикалық эволюцияға қабілеттілігін, сыртқы құқықтық ықпалдарды игеру және жаңаша құқықтық шешімдер қабылдау мүмкіндігін көрсетеді. Бұл контекстте конституциялық плюрализм – ұлттық құқықтың қорғаушы қалқаны ғана емес, сонымен бірге халықаралық нормаларды бейімдеу мен енгізудің интеллектуалдық сүзгісі ретінде әрекет ететін концептуалдық үлгі.

Қазақстанның қазіргі құқықтық жүйесі халықаралық нормаларды қолдану мәдениетінің қалыптасу үстінде екенін көрсетті. Сот билігінің белсенділігі, атқарушы органдардың халықаралық құқықты орындауда институционалдық қабілеті, заң шығарушы биліктің халықаралық шарттарды ратификациялау кезінде жүргізетін сараптамасының сапасы – халықаралық міндеттемелерді тиімді жүзеге асырудың негізгі факторлары. Сонымен қатар, құқықтық мәдениеттің, азаматтық сананың өсуі және құқықтық ағартудың кеңеюі ұлттық құқықтық жүйенің халықаралық ықпалдарға төзімділігін арттырып, құқықтық реформалардың табысты жүруіне жағымды әсер етеді.

Алынған теориялық тұжырымдар практикалық тұрғыдан маңызды бірнеше бағытты айқындады. Біріншіден, халықаралық нормаларды имплементациялау кезінде конституциялық сүзгілеу механизмін міндетті түрде қолдану қажет. Екіншіден, халықаралық міндеттемелер ықпал ететін құқық салаларын айқындап, сол салаларда арнайы бейімдеу құралдарын (адаптациялық нормалар, түсіндірмелік декларациялар, құқықтық шектеу тетіктері) енгізу қажет. Үшіншіден, ресми құқықтық түсіндірме институттарын дамыту халықаралық нормалардың дұрыс қабылдануы мен толыққанды жүзеге асуына ықпал етеді. Төртіншіден, сот және құқық қорғау органдары үшін халықаралық құқықты қолдану бойынша кәсіби даярлау бағдарламаларын күшейту және жаңарту құқықтық жүйенің сапасын арттырады. Бесіншіден, нормаларды селективті енгізу тетіктерін заңнамалық деңгейде бекіту құқықтық айқындықты күшейтеді.

Жалпы, ұлттық және ұлттықтан жоғары конституциялық құндылықтар арасындағы өзара қатынас – құқықтық тепе-теңдікті талап ететін күрделі, бірақ табиғи процесс. Зерттеу нәтижелері Қазақстан Республикасының құқықтық жүйесі халықаралық міндеттемелерді қабылдауда ұлттық конституциялық идентичностті басшылыққа алатын селективті, теңгерімді және құқықтық тұрақтылықты сақтауға бағытталған модельді қолданатынын дәлелдейді. Бұл модель елдің құқықтық егемендігін қорғауға, халықаралық құқықтық кеңістікпен тиімді ықпалдасуға және құқықтық мемлекеттілікті нығайтуға ықпал ететіні анықталды.

Алдағы кезеңде ұлттық және халықаралық құқықтың үйлесімді дамуын қамтамасыз ету үшін құқықтық саясаттың стратегиялық бағыттарын айқындау, нормативтік-құқықтық базаны жетілдіру, институционалдық механизмдерді күшейту және ғылыми сараптаманы тереңдету қажет. Сонымен қатар, құқықтық мәдениетті арттыру, халықаралық тәжірибені ұлттық ерекшелікке бейімдей отырып сіңіру – құқықтық жүйенің тұрақтылығы мен бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ететін негізгі факторлар болып табылады.

Осылайша, бұл зерттеу ұлттық конституциялық құндылықтар мен халықаралық міндеттемелер арасындағы өзара әрекеттесудің күрделі, көпқырлы және динамикалық табиғатын ғылыми тұрғыдан дәлелдей отырып, олардың Қазақстан жағдайында тиімді үйлесімін қамтамасыз етуге бағытталған теориялық және практикалық қағидаттарды ұсынады. Алынған

нәтижелер құқықтық саясатты жетілдіруге, имплементациялық тетіктерді нақтылауға және конституциялық бақылау механизмдерін дамытуға ғылыми негіз бола алады.

### ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Қазақстан Республикасының Конституциясы. – 1995. URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K950001000> (өтініш берілген күн: 26.12.2025)
- 2 Cassese A. *International Law*. Oxford: Oxford University Press, 2005. 558 p.
- 3 Besselink L. *Constitutional Pluralism*. Amsterdam: Amsterdam University Press, 2021. 312 p.
- 4 Bundesverfassungsgericht. BVerfG, 2 BvR 1481/04, Urteil vom 14.10.2004. Karlsruhe: BVerfG, 2004. 28 p.
- 5 Raz J. *The Authority of Law: Essays on Law and Morality*. Oxford: Oxford University Press, 2019. 364 p.
- 6 Қазақстан Республикасы Конституциясының 4-бабының нормаларын халықаралық ұйымдар мен олардың органдарының шешімдерін орындау тәртібіне қатысты қолданыста ресми түсіндіру туралы. URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/S090000006> (өтініш берілген күн: 26.12.2025)
- 7 Токобеков Н.А. Конституциялық үстемдік және халықаралық құқықтың арақатынасы. – Алматы: Жеті Жарғы, 2023. – 276 б.
- 8 Von Bogdandy A., Schill S. *Overcoming Absolute Sovereignty: Global Constitutionalism*. Heidelberg: Springer, 2018. 332 p.
- 9 Peters A. *Global Constitutionalism in a Nutshell* // *Utrecht Law Review*. 2019. Vol. 15, no. 3. P. 15–35.
- 10 Stone Sweet A., Ryan C. *A Cosmopolitan Legal Order: Constitutional Pluralism and Rights Adjudication*. Oxford: Oxford University Press, 2018. 402 p.
- 11 Walker N. *Constitutionalism and Pluralism Revisited* // *European Journal of Legal Studies*. 2016. Vol. 9. No. 2. P. 105–132.
- 12 Wheatley S. *The Idea of International Constitutionalism*. Oxford: Oxford University Press, 2019. 288 p.

### REFERENCES

- 1 Qazaqstan Respublikasynyñ Konstitusiasy. 1995. URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K950001000> (ötiniş berilgen kün: 26.12.2025) (In Kazakh)
- 2 Cassese A. (2005) *International Law*. Oxford: Oxford University Press. 558 p. (In English)
- 3 Besselink L. (2021) *Constitutional Pluralism*. Amsterdam: Amsterdam University Press. 312 p. (In English)
- 4 Bundesverfassungsgericht. BVerfG, 2 BvR 1481/04, Urteil vom 14.10.2004. Karlsruhe: BVerfG, 2004. 28 p. (In English)
- 5 Raz J. (2019) *The Authority of Law: Essays on Law and Morality*. Oxford: Oxford University Press. 364 p. (In English)
- 6 Qazaqstan Respublikasy Konstitusiasynyñ 4-babyynyñ normalaryn halyqaralyq üiymdar men olardyñ organdarynyñ şeşimderin oryndau tärtibine qatysty qoldanysta resmi tüsindiru turaly. URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/S090000006> (ötiniş berilgen kün: 26.12.2025) (In Kazakh)
- 7 Tokobekov N.A. (2023) *Konstitusialyq üstemdik jäne halyqaralyq qūyqytyñ araqatynasy*. Almaty: Jeti Jarǵy. 276 b. (In Kazakh)
- 8 Von Bogdandy A., Schill S. (2018) *Overcoming Absolute Sovereignty: Global Constitutionalism*. Heidelberg: Springer. 332 p. (In English)
- 9 Peters A. (2019) *Global Constitutionalism in a Nutshell* // *Utrecht Law Review*. Vol. 15, no. 3. P. 15–35. (In English)
- 10 Stone Sweet A., Ryan C. (2018) *A Cosmopolitan Legal Order: Constitutional Pluralism and Rights Adjudication*. Oxford: Oxford University Press. 402 p. (In English)
- 11 Walker N. (2016) *Constitutionalism and Pluralism Revisited* // *European Journal of Legal Studies*. Vol. 9. No. 2. P. 105–132. (In English)
- 12 Wheatley S. (2019) *The Idea of International Constitutionalism*. Oxford: Oxford University Press. 288 p. (In English)

**ЖАМАНКАРАЕВА Г.С.,\*<sup>1</sup>**

магистр права, ст. преподаватель.

\*e-mail: camankaraeva@gmail.com

ORCID ID: 0000-0002-7199-6488

**ШАЛДАРБЕКОВА М.Б.,<sup>1</sup>**

магистр права, ст. преподаватель.

e-mail: manat20@list.ru

ORCID ID: 0009-0007-1081-3813

**ЖУМАГУЛОВА Ш.Р.,<sup>2</sup>**

к.ю.н., ст. преподаватель.

e-mail: jumagulova\_sholpan@mail.ru

ORCID ID: 0000-0002-2033-6260

<sup>1</sup>Южно-Казахстанской университет им. М. Ауэзова,

г. Шымкент, Казахстан

<sup>2</sup>Кызылординский университет им. Коркыт Ата,

г. Кызылорда, Казахстан

## **КОНСТИТУЦИОННЫЙ ПЛЮРАЛИЗМ В МЕЖДУНАРОДНОМ ПРАВЕ: ВЗАИМОДЕЙСТВИЕ НАЦИОНАЛЬНЫХ КОНСТИТУЦИОННЫХ ЦЕННОСТЕЙ И МЕЖДУНАРОДНЫХ ОБЯЗАТЕЛЬСТВ**

### **Аннотация**

Данное исследование посвящено анализу взаимодействия и возможных коллизий между национальными конституционными ценностями и международными обязательствами в контексте Конституции Республики Казахстан. Актуальность темы обусловлена ростом международных обязательств государств, углублением интеграционных процессов и усилением влияния международного права на национальные правовые системы. Цель исследования – выявить потенциальные противоречия между нормами международного права и национальными конституционными принципами, а также определить механизмы их согласования. Основная идея – обеспечение сохранения национальных конституционных ценностей при селективном внедрении международных норм. Научная и практическая значимость работы заключается в обосновании концепции конституционного фильтра при имплементации международных обязательств. Методология включает системный, сравнительно-правовой, историко-правовой и формально-логический методы. В исследовании рассматриваются теория конституционного плюрализма, немецкая доктрина Solange, практика Конституционного совета РК и зарубежных конституционных судов. Полученные результаты показывают, что международные нормы могут применяться лишь при условии их соответствия фундаментальным национальным ценностям, таким как суверенитет, территориальная целостность и права человека. Задача правовой системы – сохранить баланс между международными обязательствами и национальными интересами. Ценность исследования заключается в переосмыслении механизмов соотношения международного и национального права. Практическая значимость – в разработке рекомендаций по совершенствованию правовой политики, имплементационных механизмов и конституционного контроля.

**Ключевые слова:** национальные конституционные ценности, международные обязательства, конституционный плюрализм, имплементация, правовой баланс, суверенитет, верховенство права.

**ZHAMANKARAYEVA G.,\*<sup>1</sup>**

master of law, senior lecturer.

\*e-mail: camankaraeva@gmail.com

ORCID ID: 0000-0002-7199-6488

**SHALDARBEBKOVA M.,<sup>1</sup>**

master of law, senior lecturer.

e-mail: manat20@list.ru

ORCID ID: 0009-0007-1081-3813

**ZHUMAGULOVA SH.R.,<sup>2</sup>**

c.l.s., senior lecturer.

e-mail: jumagulova\_sholpan@mail.ru

ORCID ID: 0000-0002-2033-6260

<sup>1</sup>M. Auezov South Kazakhstan University,  
Shymkent, Kazakhstan

<sup>2</sup>Korkyt Ata Kyzylorda University,  
Kyzylorda, Kazakhstan

## **CONSTITUTIONAL PLURALISM IN INTERNATIONAL LAW: INTERACTION BETWEEN NATIONAL CONSTITUTIONAL VALUES AND INTERNATIONAL OBLIGATIONS**

### **Abstract**

This study analyzes the interaction and potential conflicts between national constitutional values and international obligations within the context of the Constitution of the Republic of Kazakhstan. The relevance of the research stems from the growing influence of international obligations, deeper integration processes, and increasing external impact on national legal systems. The primary objective is to identify possible contradictions between international legal norms and national constitutional principles and to explore mechanisms for their reconciliation. The core idea is to preserve national values through selective incorporation of international norms. The scientific and practical significance lies in justifying the use of a constitutional filtering mechanism when implementing international obligations. The study employs systemic, comparative-legal, historical-legal, and formal-logical methods. The analysis draws on the theory of constitutional pluralism, Germany's "Solange" doctrine, the practice of the Constitutional Council of Kazakhstan, and foreign jurisprudence. The findings demonstrate that the application of international norms must not contradict fundamental national values such as sovereignty, territorial integrity, and protection of rights. The study concludes that maintaining legal balance requires selective acceptance of international obligations while safeguarding national constitutional identity. Its value lies in reassessing the relationship between international and national law. The practical relevance involves recommendations for improving legal policy, implementation tools, and constitutional review.

**Keywords:** national constitutional values, international obligations, constitutional pluralism, implementation, legal balance, sovereignty, rule of law.

Мақаланың редакцияға түскен күні: 14.01.2026